

Бесқарағай аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай аудандық мәслихатының 2022 жылғы 31 мамырдағы № 20/2-VII шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 2 маусымда № 28336 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27- бабына сәйкес, Бесқарағай аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Бесқарағай аудандық мәслихатының келесідей шешімдерінің күші жойылды деп танылсын:

1) Бесқарағай аудандық мәслихатының "Бесқарағай аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" 2018 жылғы 12 наурыздағы № 21/4-VI (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5586 болып тіркелген);

2) Бесқарағай аудандық мәслихатының "Бесқарағай аудандық мәслихатының 2018 жылғы 12 наурыздағы № 21/4-VI "Бесқарағай аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметкерлерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" 2020 жылғы 27 қазандағы № 57/14-VI (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 7777 болып тіркелген).

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Бесқарағай аудандық мәслихатының
хатшысы*

М. Абылгазинова